

Диссертациялық кеңестің 2023 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

8D015 –Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 – Биология) және 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыттары бойынша философия докторы (PhD) бағыттары доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Чилдибаев Жумадил Байдилдаевич Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы- ректордың 2023 жылғы «02» ақпан № 05-04/77 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

8D015 –Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 – Биология) және 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) білім беру бағдарламалары бойынша бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 –Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/ 8D01513 – Биология) және 8D051 – Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте 2023 жылы жеті кеңес мәжілісі өтті.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Диссертациялық кеңеске қатыспаған кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Ажмолдаева Клара Байжигитовна, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;

2. Турсыматова Оразкуль Исаевна, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;

3. Саимова Рита Ургенчбаевна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

4. Бакиров Серік Бакирұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

5. Шинышерава Ғазиза Болатқызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

6. Анаркулова Эльмира Избасаровна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

7. Карабалаева Айман Бейсембаевна, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Ажмолдаева Клара Байжигитовна

Диссертация тақырыбы: Болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздері.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 14 наурыз 2023 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан).

Чилдибаев Жұмаділ Байділдаұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Тавстуха Ольга Григорьевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті (Орынбор қ., Ресей Федерациясы).

Қазіргі заманғы мұғалімдердің алдында маңызды міндет - мұғалімнің өзі экологиялық білім беру мен тәрбие мәселелерінде құзыреттілік танытып, жұмыс жасауда негізгі құзыреттілікке ие болып, әр түрлі ақпараттық құралдар мен инновациялық технологиялар арқылы білім алушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыру. Өкінішке орай, қоршаған ортаға деген қажеттілік басым, экологиялық құзіреттілік деңгейі төмен, нәтижесінде қазіргі экологиялық мәселелерді қабылдаудың төмендігі; қоршаған ортаны өзгерту және жақсарту бойынша саласында ғана емес, сонымен қатар педагогика, психология, білім алушы тұлғасын дамыту және қалыптастыру, оқу іс-әрекетінің коммуникациясын сауатты ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру жүйесінің практикасына оқудың инновациялық технологияларын енгізу үшін арнайы білім мен дағдыларды меңгерген жаңа үлгідегі биология мұғалімдерін кәсіби даярлау міндеті бұрынғыдан да өзекті.

Ал, оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру мен оның деректерін пайдалану тек тәуелсіздік алған тұстан бері қозғалып келе жатқан мәселе емес ол өз тарихында ұзақ даму жолынан өтті. Ұрпақтан-ұрпаққа

жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Докторант болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың әдістемелік негіздерін айқындауға байланысты диссертациялық жұмысында білім берудегі мәселенің жаңа тетіктерін талдау жасай отырып, зерттеу барысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді іске асыруда ғылыми жетістіктер болып танылатын маңызды теориялық және практикалық нәтижелерді алуға қол жеткізгенін атап өтуге болады:

Бірінші нәтиже: жоғары оқу орындарында биолог мұғалімдерді даярлауда өлкелік компонентті пайдаланудың теориялық және практикалық мәселелері зерттелген.

Екінші нәтиже: болашақ мұғалімдерді даярлауда өлкелік компоненттерді пайдаланудың құрылымдық-мазмұндық-үрдістік моделі: мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік, өлшемдік компоненттер мен қалыптастыру деңгейлері, олардың қалыптасу өлшемдеріне негізделіп анықталған.

Үшінші нәтиже: жоғары оқу орындарында биолог мамандарды даярлауда өлкелік компонентті пайдаланудың әдістемесі жасалып, жоғары оқу орындарында биологияны оқытуда Арал маңы өсімдіктер жүйесінің өлкелік компонент ретіндегі мазмұны іріктеліп, нәтижесінде мектепке арналған «Биологиялық өлкетану», «Қазақстан өсімдіктерінің биоэкологиясы» тақырыбындағы қолданбалы курс авторлық бағдарламасы мен «Атлас актуальных растений семейства Лютиковых региона Приаралья» атты атлас жасалған.

Төртінші нәтиже: биолог мамандарды даярлау үдерісіне өлкелік компонентті енгізу бойынша педагогикалық тәжірибе жүргізіліп, нәтижелері талданып оқу үрдісінде ендірілген.

Алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде және жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалануға болады. Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер бір-біріне қайшы келмейді, өзара байланысты және зерттеудің жетекші идеясының мәнін толық ашады. Ал олардың сенімділігі зерттелініп отырған мәселені шешу барысындағы ғылыми негізделген тұғырлармен қамтамасыз етілген.

Турсыматова Оразкуль Исаевна

Диссертация тақырыбы: Жоғары оқу орындарында студент-биологтарды дайындауда биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері.

Мамандығы: 6D011300 – Биология

Диссертация Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 05 сәуір 2023 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ., Қазақстан).

Жумагулова Калампыр Абжаппаровна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Суматохин Сергей Витальевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Мәскеу қалалық педагогикалық университеті (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы).

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Осыған орай, бүгінгі таңда маман дайындаудың көкейкесті мәселелері - әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімді білім алу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін қайта қарастыру, алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру болып табылады. Сондай-ақ, білім берудің барлық деңгейінде жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керектігі басымдық танытты.

Сонымен, 21 ғасырдың маманға деген сұраныстарының артуы, оған әлемдегі заманауи тенденциялардың әсері, ҚР мектептерінің жаңартылған білім мазмұнына көшуі, оқу мақсаттарының спиральдік ұстанымға негізделіп құрылуы, пән аралық, пән ішілік тақырыптардың үйлесімділігі, яғни, кірігу ұстанымына сүйену мәселелері ЖОО білім беру бағдарламаларын жетілдіру қажеттілігін айқындап, оқу –әдістемелік кешендер даярлаудың қажеттілігін артырып отыр. Жоғарыда айтылған мәселелер, зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: жоғары оқу орындарында студент-биологтарды дайындауда биологиялық процестер негізінде физикалық механизмдердің өзара әсерінің теориялық негіздері мен биофизиканың қазіргі бағыттарының теориялық негіздері анықталған.

Екінші нәтиже: жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білімнің орны айқындалып, оны жүзеге асыру мақсатында биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың құрылымдық–мазмұндық моделі жасалған.

Биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың компоненттері мен ұғымдарды қалыптастырудың өлшемдерін айқындап биологиялық нысандарға физикалық, химиялық факторлардың практикада қолданудың

әдіс-тәсілдердің студент – биологтарға қолдануға мүмкіндіктер қарастырылған.

Үшінші нәтиже: Биологиялық білім мазмұнында биофизикалық ұғымдардың берілу ерекшеліктері айқындалып студент-биологтарды дайындауда биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың әдістемесі ұсынылып «Биофизика» және «Биофизика негіздері» атты («Әртүрлі педагогикалық мамандықтарға арналған пән теориясы мен әдістері») элективті курсының жұмыс оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешен және оқу-әдістемелік құрал даярланып, оқу үдерісіне енгізілген. Жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде және жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалануға ұсынылған.

Төртінші нәтиже: Студент-биологтарды дайындауда биофизикалық ұғымдарды қалыптастыру мақсатында әртүрлі педагогикалық мамандықтарға арналған пән теориясы мен әдістері жасалған. Тәжірибелік-эксперименттің нәтижелері талданып, нақтыланған.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде және жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалануға болады.

Саимова Рита Ургенчбаевна

Диссертация тақырыбы: Оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Coleoptera, Carabidae) тіршілік айналымдары.

Мамандығы: 6D060700 - Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 24 мамыр 2023 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Есимов Болат Кабдушевич - биология ғылымдарының кандидаты, доцент. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Резанов Александр Геннадиевич - биология ғылымдарының докторы, профессор Москва қалалық педагогикалық университеті.

Қоршаған ортаны қорғау мен биоалуантүрлілікті сақтау мәселелеріне Президент жолдауында айрықша мән аударды. Жануарларды қорғау туралы заң әзірлеуді ұсынды. Заңды іске асыру жануарлардың биоалуантүрлілігін сақтауға және көбейтуге мүмкіндік беретініне. Әртүрлі ортадағы жануарларды сақтау және қорғау кезінде жалпы және арнайы талаптар белгілену қажеттілігі «Табиғи аумақтарды қорғау туралы» заңда нақты айтылды (Қазақстан Республикасының Заңы 8-бап 2017 жылғы 7 шілде). Бұл заң барлық омыртқалы және омыртқасыз жануарларды табиғи ландшафттарында қорғауға мүмкіндік береді. Антропогендік ландшафттарының топырақ құнарлылығына маңызды әсер ететін биотаның

экологиялық және фауналық мәселелерін зерттеу маңызды бағыттардың бірі. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы агроландшафттардың әртүрлі биотоптарында кездесетін барылдауық қоңыздардың (Carabidae) фаунасы мен тіршілік айналымдары әлі зерттелмеген. Аймақтың агроландшафттарын мекендейтін барылдауық қоңыздардың фаунасы, олардың түр құрамы, басым түрлерінің тіршілік айналымы туралы мәліметтер жоқтың қасы. Ізденушінің зерттеуіне дейін Қазақстанның оңтүстік–шығыс агроландшафттарында барылдауық қоңыздарға зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмысы өзекті болып табылады.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: оңтүстік–шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Carabidae) түр құрамымен популяциясының құрылымы анықталып оларға талдау жасалды. Зерттелген өңірдің агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың популяциясының құрылымы анықталып 27 туысқа жататын 73 түрдің аннотациялық тізімі жасалды.

Екінші нәтиже: зерттеу жүргізіліп жатқан аймақтың агроландшафттарындағы кең таралған түрлерінің маусымдық динамикасы, егістіктердегі тіршілік айналымдарындағы ерекшеліктері анықталды. Көбею кезеңі шілденің екінші жартысынан тамыздың ортасына дейін созылады. Жаппай көбеюі шілдеде өтеді. Жұмыртқаларын шілде-тамыз айларында топырақ арасына салады, олардан 15–20 күнде дернәсіл шығады. Дернәсілдер топырақтың тереңірек қабаттарында қыстап, көктемде жер бетіне шығады да, дәнді өсімдіктердің жапырағымен қоректенеді. Мамыр айында пайда болған қуыршақ 12–15 күнде ересек қоңызға айналады. Дамуы ауа температурасы мен топырақ ылғалдығына байланысты.

Үшінші нәтиже: оңтүстік-шығыс Қазақстанның агроландшафттарындағы барылдауық қоңыздардың (Carabidae) практикалық маңызы анықталып, егістіктерге зиянкес түрлерімен күресу шаралары өндіріске енгізілді.

Төртінші нәтиже: ғылыми – зерттеу жұмысының нәтижелері ҚазҰПУ–нің Жаратылыстану және география институты, «Биология» кафедрасының оқу үрдісіне «Зоология», «Зоология практикумы» пәндері бойынша дәріс курсына және практикалық сабаққа, ЖОО–ның зоология және экология пәндері бойынша оқу үрдісінде қолданылуға енгізілді.

Алынған нәтижелерді шаруашылық танаптардағы қоңыздардың биологиялық даму циклдары, өсімдіктерінің вегетациялық кезеңі мен трофикалық байланысы, топырақтағы миграциялық белсенділігі, ұсынылған агротехникалық шаралар зиянды барылдауық қоңыздармен күресу мәселесінің шешуі деп бағалауға болады. Ал оның маңыздылығы – тәжірибелік егістіктерінде зиянкес барылдауық қоңыздардың түрлерінің тіршілік даму циклдарының өсімдіктермен байланысына сай агротехникалық шараларды жүргізу мерзімдерінің ұсынылуы.

Бакиров Серік Бакирұлы

Диссертация тақырыбы: Қазақстанның оңтүстік – шығыс жағдайларына бейімделген бидайдың қатты қара күйеге (*Tilletia* spp.) төзімді генотиптерін идентификациялау.

Мамандығы: 8D05101 - Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 27 маусым 2023 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Маденова Айгул Калихожаевна – PhD, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті;

Ғалымбек Қанат – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Қадир Акан – PhD, қауымдастырылған профессор. Киршехир Ахи Эвран университеті.

Бидай дүние жүзінің көптеген елдері үшін әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан маңызды дақыл болып табылады. Дүниежүзі бойынша бидай 230 млн. га егіс алқабына егіледі. Қазақстан жоғары сапалы бидай өндіруші ел болып табылады сондай-ақ 40-тан астам елге экспорттайды. Күздік бидайдан жоғары өнім алуды шектейтін негізгі факторлардың бірі – саңырауқұлақ тудыратын ауру болып табылады. Соның ішінде қатты қара күйе (*Tilletia caries* (D.C.) Tul) - әлем бойынша бидайдың аса қауіпті ауруларының бірі. Сонымен қатар бидай өнімділігін шектейтін басты фактор болуда. Қатты қара күйе спораларымен залалданған бидай дәндері мал азығы ретінде де қолдануға жарамсыз болады. Аурудың басым түрде таралуы өнім түсімінің 30% және одан көп төмендеуіне алып келуде. Төзімді сорттарды шығарып, оларды өндіріске енгізіп отыру ауруға қарсы күрестің ең тиімді әдісі болып табылады. Сондай-ақ төзімді сорттарды өндірісте егу пестициттерді кең пайдалану қажеттілігін төмендетеді. Бұл экологиялық тұрғыда қоршаған ортаның ластануын болдырмайды. Ауруларға төзімділікті сенімді түрде бақылау үшін төзімді гендермен байланысты молекулалық маркерлерді қолданудың маңызы зор болып табылады. Қатты қара күйеге төзімділік белгісімен тіркескен молекулалық-генетикалық маркерлерді пайдалану нақты төзімді ген тасымалдаушыларын іріктеуге мүмкіндік береді. Диссертанттың зерттеуінде алғаш рет Қазақстан жағдайында молекулалық әдістерді қолдана отырып бидайдың қатты қара күйеге төзімді Vt-ген көздері айқындалған. Сондықтан бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмысы өзекті болып табылады.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиже: Танаптық жасанды індет жағдайында Алматы облысының *Tilletia Caries* (DC) Tul патогеніне отандық бидай сорттары мен шетелдік бидай үлгілерінің төзімділігі сыналды. Зерттеудің этижесінде 12 отандық бидай сорт қатты қара күйеге жоғары төзімді деп ерекшеленді. Ал шетелдік бидай үлгілерінен қатты қара күйеге төзімділік танытқандары

болгариялық 6 үлгі, венгриялық 9 үлгі, румыниялық 8 үлгі және СҮММІТ орталығынан алынған 7 түркиялық үлгі қатты қара күйеге төзімді деп анықталды.

Екінші нәтиже: Қазақстан жағдайында алғаш рет молекулалық ПТР әдісі негізінде бидай үлгілерінен қатты қара күйеге төзімділік ген көздері айқындалды. Жасанды індеттік ортада ауруға сыналған отандық және шетелдік бидай үлгілерінен молекулалық скрининг нәтижесінде *Tilletia Caries* (D.C.) Tul патогеніне төзімді Bt8, Bt9, Bt10, Bt11 және Bt12 гендері анықталды.

Үшінші нәтиже: Бидай үлгілерінің масақтану, гүлдеу және сүттену кезеңдерінде биомасса индекс (NDVI) көрсеткіштері есепке алынды. Өндірісте егуге рұқсат етілген отандық бидай үлгілерінен биомасса индексі жоғары деп танылғандары Жетісу, Раминал, Нуреке Красноводопадская 25, Егемен 20 Карасай Реке Президент Мереке 70 Маншук Казахстанская 16, Арай, Акмола 3, Шортандинская 2012, Шортандинская 95 және Казахстанская 10. Шетелдік бидай үлгілерінен NDVI көрсеткіштері анықталғандары 12 болгариялық, 5 венгриялық, 5 румыниялық және 6 түркиялық бидай үлгілері болды.

Төртінші нәтиже: бидай үлгілерінің шаруашылық құнды белгілеріне құрылымдық талдау жүргізілді. Нәтижесінде өнімділігі жоғары және қатты қара күйеге төзімді деп 12 отандық бидай сортына баға берілді.

Бесінші нәтиже: қатты қара күйеге төзімді және өнімділік көрсеткіштері жоғары болған Жетісу, Егемен 20, Карасай, Қызылбидай, Наз, Алмалы, Мереке 75, Жалын, Қазақстан 16 және Динара сорттары егістік алқабының шаруа қожалықтарына егуге ұсынылды. Сонымен қатар зерттеу жұмысының нәтижелері мен материалдарын жоғары оқу орындарының болашақ биолог мамандары ботаника, генетика-селекция және экология пәндерінде кәсіби білімдерін жетілдіру мақсатында қолдана алады.

Алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Бидай үлгілері арнайы зертханада Борггардта – Анпилогованың әдісі негізінде *Tilletia caries* (D.C.) Tul спораларымен залалданған. Жасанды індеттік танап жағдайында бидай үлгілерінің аурумен залалдану көрсеткіші В.И.Кривченконың шкаласы арқылы бағаланған. Green Seeker құрылғы арқылы өсімдіктің масақтану, гүлдеу және сүттену кезеңдерінде биомасса индекс көрсеткіштері анықталды. Жинап алынған бидай үлгілерінің өнімділігін анықтау үшін құрылымдық белгілеріне талдау жасалынды, олар өсімдіктің ұзындығы, негізгі масақтың ұзындығы, негізгі масақтағы масақшалар саны, масақшалардағы дәндердің саны, масақшалардағы дәндердің салмағы және 1000 дән салмағы. Қатты қара күйе телиоспораларынан өткір консервіленген шабақ тұздығының иісі шығып тұрады, сондықтан қатты қара күйені «сасық қара күйе» деп те атайды. Бұл өткір иістің негізгі себебі триметиламин болып табылады, ол залалданудың өте төмен деңгейінде де байқалады (0,1% к/т) және астық сапасын едәуір төмендетеді. Қатты қара күйе рассасын анықтауда қолданылатын тұқымды

шаю әдісі арқылы жарық микраскопында споралардың бір бірінен морфологиялық ерекшеліктері анықталған. Молекулалық ПТР әдісі негізінде бидай үлгілерінен қатты қара күйеге төзімді Vt8, Vt9, Vt10, Vt11, Vt12 гендері идентификацияланды.

Шинышерава Ғазиза Болатқызы

Диссертация тақырыбы: Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері.

Мамандығы: 6D011300 - Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 24 қазан 2023 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Чилдибаев Жұмаділ Байділдаұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Есимов Болат Кабдушевич - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Резанов Александр Геннадиевич - биология ғылымдарының докторы, профессор, Москва қалалық педагогикалық университеті (Мәскеу қ, Ресей).

Қазіргі заманғы мұғалімдердің алдында маңызды міндет - мұғалімнің өзі экологиялық білім беру мен тәрбие мәселелерінде құзыреттілік танытып, жұмыс жасауда негізгі құзыреттілікке ие болып, әр түрлі ақпараттық құралдар мен инновациялық технологиялар арқылы білім алушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастыру. Өкінішке орай, қоршаған ортаға деген қажеттілік басым, экологиялық құзіреттілік деңгейі төмен, нәтижесінде қазіргі экологиялық мәселелерді қабылдаудың төмендігі; қоршаған ортаны өзгерту және жақсарту бойынша саласында ғана емес, сонымен қатар педагогика, психология, білім алушы тұлғасын дамыту және қалыптастыру, оқу ісәрекетінің коммуникациясын сауатты ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру жүйесінің практикасына оқудың инновациялық технологияларын енгізу үшін арнайы білім мен дағдыларды меңгерген жаңа үлгідегі биология мұғалімдерін кәсіби даярлау міндеті бұрынғыдан да өзекті.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда оқу-дала практика басым рөл атқарады. Ол педагогикалық үрдістің біртұтас бөлігі ретінде болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы биологиядан оқу-дала практикасы – білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол биологиядан болашақ мұғалімдерді даярлауда білім беру мекемелерінің өзекті мәселелерін шешуге, тұлғаны қоғамның қазіргі талаптарына жауап беретіндей етіп қалыптасуына бағыт-бағдар береді.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

- бірінші нәтиженің жаңалығы - білім алушылардың кәсіби даярлығын (құзыреттілігін) қалыптастыруда оқу-далалық практикасын өткізудің шетелдік және отандық іс-тәжірибесі негізінде тұжырымдалған. Алынған шынайы нәтижелер, биологиядан омыртқасыздар зоологиясы пәні бойынша оқу-дала практикасын ұйымдастырудың әдістемесі даярланып, оның тиімділігі эксперимент арқылы тәжірибеде нақтыланған;

- екінші нәтиженің жаңалығы - омыртқасыздар зоологиясы пәнінен оқудала практикасын ұйымдастырудың әдістемелік моделі құрылған. Алынған шынайы нәтижелер, құрылған модел бойынша оқу-дала практикалары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының студенттеріне тәжірибеде қолданылып оң нәтиже алынған. Ұсынылған модел білім алушылардың оқу-кәсіби қызметін ұйымдастырудың тәсілі ретінде зерттеу қызметін арттырады;

- үшінші нәтиженің жаңалығы - омыртқасыздар зоологиясы курсы бойынша оқу-дала практикасын ақпараттық технологиялар арқылы ұйымдастырудың мобильдік қосымшасын даярлаудың шарттары жасалған. Өзірленген әдістемелік нұсқаулықтарды келесі нысандарда пайдалануға болады: нақты тақырыптар бойынша дайындалған онлайн-сабақтарда; көрнекі материал ретінде; студенттердің топтық және жеке жұмысын ұйымдастыруда; білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруда. Алынған шынайы нәтижелер, оқу-дала практикасын ұйымдастыруға ұсынылған әдістемелік нұсқаулықтар ішінде мобилдік қосымша оқуға деген қызығушылықтың айтарлықтай арттыруына әкелді. Бұл өз кезегінде білім алушылардың білім сапасын жақсартады;

- төртінші нәтиженің жаңалығы - зерттеу нәтижелері жоғары педагогикалық оқу орындарында биолог студенттерді даярлау үдерісінде, педагогтардың біліктілігін жетілдіру курстарында пайдалануға ұсынылған. Алынған шынайы нәтижелер, тәжірибелік – экспериментте тексеріліп, дәлелденген.

Алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады. Жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде және жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалануға болады.

Анаркулова Эльмира Избасаровна

Диссертация тақырыбы: Вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Мамандығы: 6D011300 - Биология

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша.

Қорғау өткен күні: 24 қазан 2023 жыл

Ғылыми кеңесшілері:

Аманбаева Махаббат Батырғалиқызы – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Богоявленский Андрей Павлович – биология ғылымдарының докторы, профессор, «Микробиология және вирусология ғылыми өндірістік орталығы» (Алматы қ., Қазақстан).

Суматохин Сергей Витальевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы).

Зерттеудің өзектілігі қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларымен және ғылымдағы өзгерістерге байланысты анықталуда, себебі ақпараттық қоғамда ғылыми ақпараттар көлемі артып отыр. Осы ғылымды, білімді ақпараттандыру кезеңінде тіршілік, оның деңгейлерін ұйымдастыру мен эволюциясы жайлы біртұтас түсінік қалыптастыруда жалпы биологиялық нақты вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау зерттеулердің маңызы зор. Жоғарыда тоқталып өткен мәселелер болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің өзіндік сипатқа тән ерекшелігін айқындай түседі. Осыған байланысты олардың педагогикалық үдерісті ғылыми негізде жобалау мен жүзеге асыруды қайта қарау мен меңгеруге бағытталған жаңа білімді зерделеу қажет етіледі. Бұл өз кезегінде болашақ биолог маманның да келешек кәсіби іс-әрекетінде жаңа жетістіктерге қол жеткізуі олардың зерттеушілік құзіреттілігінен талап етілетіндігін тағыда дәлелдей түседі. Зерттеушілік құзіреттілігі арқылы студенттің ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы ғана емес, сонымен қатар, нақты дәлелдер және зерттеушілік әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Студенттер өз алдына орындаған зерттеушілік жұмыстар нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандарды даярлауда зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру әдістерін меңгеру міндетін қояды.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

Бірінші нәтиженің жаңалығы студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған. Алынған нәтижелердің маңыздылығы студент - биологтарды дайындауда вирустарды молекулярлық-генетикалық сипаттау және сәйкестендіру негізінде қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, қазіргі білім беру үдерісіне енгізу мүмкіндіктері қарастырылған;

Екінші нәтиженің жаңалығы вирустарды молекулярлық-генетикалық зерттеу нәтижелері негізінде зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мазмұнын анықталған. Алынған нәтижелердің маңыздылығы, зерттеу нәтижесінде *Acheta domesticus densovirus (AdKaz18)* геномының толық тізбегі GenBank-ке MT823474 тіркеу нөмірімен орналастырылды және де

Invertebrate iridescent virus (Kaz2018) геномының толық тізбегі GenBank-ке MT862761.1 тіркеу нөмірімен орналастырылған;

Үшінші нәтиженің жаңалығы студенттердің зерттеушілік күзiреттiлiгiн вирустарды молекулалық-генетикалық сипаттау және сәйкестендiру негiзiнде қалыптастырудың әдiстемесi жасалған. Алынған нәтижелердiң маңыздылығы диссертациялық зерттеу нәтижелерi мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргiзiлетiн ғылыми iзденiстерге негiз бола алады. Жоғары оқу орындарында, орта кәсiптiк бiлiм беру мекемелерiнде, педагог кадрларды кәсiби бағытта даярлау және олардың бiлiктiлiгiн арттыру жүйесiнде және жалпы бiлiм беретiн мектептерде кеңiнен пайдалануға ұсынылған;

Төртiншi нәтиженiң жаңалығы студенттердiң зерттеушiлiк күзiреттiлiгiн вирустарды молекулалық-генетикалық сипаттау және сәйкестендiру негiзiнде қалыптастыру әдiстемесiнiң тиiмдiлiгi эксперимент жүзiнде тексерiлiп, оқу үдерiсiне ендiрiлген. Алынған нәтижелердiң маңыздылығы тәжiрибелiк-эксперименттiң нәтижелерi талданып, дәлелденген.

Алынған нәтижелер мен жасалған қорытындылар болашақта осы бағыт бойынша жүргiзiлетiн ғылыми iзденiстерге негiз бола алады. Жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттарында, орта кәсiптiк бiлiм беру мекемелерiнде, педагог кадрларды кәсiби бағытта даярлау және олардың бiлiктiлiгiн арттыру жүйесiнде және жалпы бiлiм беретiн мектептерде кеңiнен пайдалануға болады.

Теориялық және практикалық зерттеу барысында алынған нәтижелер қайшы келмейдi, өзара байланысты және зерттеудiң жетекшi идеясының мәнiн толық ашады.

Карабалаева Айман Бейсембаевна

Диссертация тақырыбы: Студенттердiң көру жүйесiнiң көрсеткiштерiн бақылау және жоғары оқу орындарында нәтижелердi енгiзудiң ғылыми-әдiстемелiк негiздерi.

Мамандығы: 6D011300 - Биология

Диссертация Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетiнде орындалған.

Қорғау тiлi: орысша.

Қорғау өткен күнi: 8 желтоқсан 2023 жыл

Ғылыми кеңесшiлерi:

Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетi (Қызылорда қ., Қазақстан);

Суматохин Сергей Витальевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Мәскеу қалалық педагогикалық университетi (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы).

Студенттердiң денсаулығы - олардың академиялық және өмiрлiк жетiстiктерiнiң маңызды аспектiлерiнiң бiрi. Табысты оқу процесi, зерттеу

және жұмыс істеу үшін сау көздер мен жақсы көру қажет. Нашар көру тиімді оқу мен мансаптық өсуге кедергі болуы мүмкін. Сондықтан студенттердің визуалды денсаулығын зерттеу және жақсарту жоғары мектеп үшін жоғары басымдыққа ие.

Қазіргі әлемде студенттер компьютерде жұмыс істеу, мобильді экрандардан оқу және ұзақ оқу сағаттары сияқты көптеген визуалды жүктемелерге ұшырайды. Бұл факторлар көру жүйесіне теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, экологиялық проблемалар көздің денсаулығына да әсер етуі мүмкін. Мұндай факторлардың визуалды денсаулыққа әсерін зерттеу студенттердің денсаулығын сақтау үшін маңызды және маңызды.

Көру жүйесінің ауруларын ерте анықтау және алдын алу маңызды мәселелердің дамуын болдырмау үшін маңызды. Көру жүйесін зерттеу және оны жақсарту әдістерін әзірлеу көз ауруларының алдын алу және студенттер арасында жалпы денсаулық деңгейін жақсарту үшін тиімді бағдарламаларды құруға ықпал етуі мүмкін.

Ғылыми-әдістемелік негіздерді әзірлеу алынған білімді жүйелеуге және құрылымдауға, оларды білім беру процесінде қол жетімді және қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу студенттерді өзекті және пайдалы біліммен, ал Оқытушыларды оқыту құралдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеулердің өзектілігі жоғары, өйткені аиа студенттердің денсаулығына қамқорлық жасауды, қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделуді және жоғары оқу орындарында оқу процесін жақсарту үшін ғылыми және әдістемелік негіздерді құруды біріктіреді. Бұл аспектілер студенттердің сапалы және өнімді білім алуына ықпал етеді және жеке ғылыми зерттеулерге лайықты.

Жұмыста төмендегідей жаңа және шынайы нәтижелер алынған:

- бірінші нәтиженің жаңалығы болып Қызылорда қаласында оқитын студенттердің көз ауруларын зерттеу бойынша жаңа нәтижелер алғаш рет ұсынылған. Оқу кезінде студенттердің көру жүйесінің жүктемесін бағалау бойынша Қорқыт Ата атындағы университеті студенттерінің көру жүйесінің функционалдық көрсеткіштеріне сұхбаттасу үшін сауалнама жасалып, әзірленген;

- екінші нәтиженің жаңалығы - зерттеу нәтижелері сауалнамаға қатысқан студенттер арасында ең көп таралған ауру әртүрлі гаджеттерді пайдалану кезінде көз жасы ағушылық екенін көрсетілген. Бұл тармақты 136 ер және әйел студенттер атап өтті, бұл 25,2% құрайды. Әрі қарай бұлыңғыр көру таралған жауап болды. Оған 111 ер және әйел студенттер жауап берген, бұл 18,9% құрайды. Келесі жалпы жауап көз инфекциясы болды (көптеген респонденттер конъюнктивитті атап өтті), оған ерлер мен әйелдердің 95 студенті жауап берген, бұл 10,1% және көздің қызаруы, бас ауруы. Оған 91 ер және әйел студент жауап берген, бұл 9,6% құраған. Алынған деректерді жалғастыру және растау үшін ізденуші әртүрлі гаджеттерді пайдалану пайызы бойынша нәтижелер алған;

- үшінші тұжырымның жаңалығы - Қорқыт Ата атындағы университетінің оқу процесіне студенттерінің көру қабілетін жақсарту бойынша әдістемелік құралды, электрондық оқулықты, ұсынымдар мен профилактикалық іс-шаралар жүйесін енгізу бойынша әдістемелер әзірленіп, сынақтан өткізілген;

- төртінші тұжырымның жаңалығы - әдістемелік әзірлемелерді педагогикалық үдеріске кіріктіруде практикалық оқытуға баса назар аударған және студенттерге теориялық білімді игеріп қана қоймай, оларды нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретіндігін сипаттаған.

Диссертациялық зерттеудің алынған нәтижелері қазақстандық жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде пайдаланылуы мүмкін.

Көру жүйесінің көрсеткіштерін бақылау моделі және оқу процесіне нәтижелерді енгізу, жұмыс бағдарламасы әдістемелік құндылық болып табылады және педагогикалық мамандықтардың студенттері үшін пайдалы болады, алынған эксперименттік нәтижелерді пайдалану бойынша ұсыныстар білім беру ортасын жобалау мен зерттеу үшін тиімді.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде биология, саласындағы және биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қосқан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізделгендігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

Ажмолдаева Клара Байжигитовнаның диссертациясы бойынша:

Длиббетова Гайни Карекеевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан).

Мамурова Әсем Тлеужановна - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Турсыматова Оразкуль Исаевнаның диссертациясы бойынша:

Тулеуханов Султан Тулеуханович – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Биопфизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан)

Салыбекова Нурдана Нуртаевна – философия докторы (PhD), доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан қ., Қазақстан).

Саимова Рита Ургенчбаевнаның диссертациясы бойынша:

Есенбекова Перизат Абдыкаировна – биология ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» ШЖҚ РМК;

Таранов Багдавлет – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Бакиров Серік Бакирұлының диссертациясы бойынша:

Усенбеков Багдаулет Наубаевич - биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Султанова Надира Жумахановна - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ж. Жиёмбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты.

Шиньшеров Фазиза Болатқызының диссертациясы бойынша:

Сулейменов Маратбек Жақсыбекұлы - ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК «Зоология институты» ШЖҚ РМК (Алматы қ., Қазақстан).

Қырбасова Эльзира Артыкбаевна – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Анаркулова Эльмира Избасаровнаның диссертациясы бойынша:

Бурашев Ербол Досанович – PhD, ҚР ДСМ биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми - зерттеу институты РМК (Жамбыл обл., Қордай ауд. Қазақстан).

Батаева Дарига Серікқызы – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

Карабалаева Айман Бейсембаевнаның диссертациясы бойынша:

Тулеуханов Султан – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан).

Длиббетова Гайни Карекеевна – Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісінде ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасалды:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін ЖОО басшылары және бітіруші кафедралардың зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына жіті назар аудары қажет екендігін ескерткіміз келеді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

	6D011300-8D01513/6D060700 / 8D05101
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан)	7
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан)	-
рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан)	-
қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан)	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Ж.Б.Чилдибаев

Диссертациялық кеңестің
Ғалым хатшысы

М.Б. Аманбаева



29.12.2023 ж.